

# МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

## Мақала туралы мәлімет

Конференция атауы	«Жастар және ғылым: бүгiнi мен болашағы» жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелiк конференция материалдар жинағы
Сборник	«Молодежь и наука: настоящее и будущее». Сборник материалов Международной научно-практической конференции молодых ученых
Conference	The collection of materials from the International Scientific and Practical Conference of Young Scientists «Youth and Science: Present and Future»
Өткiзiлген күнi	7 сәуiр 2025, Атырау
ISBN	978-601-262-587-5
Жинақтағы жариялану №	055
Жинақтағы беттерi	254-255
ӘОЖ/УДК/UDC	ӘОЖ 656.13
Секция	Секция IV. I Жұмысшы кәсiптерi-экономикалық өсу мен дамудың драйверлерi // Рабочие профессии - драйверы экономического роста и развития
Автор(лар)	Сакенов Уркен Жумагереевич
Мәртебесi	Магистрант
Ғылыми жетекшi	Көрсетiлмеген
Мақала атауы	ЕАЭО ЕЛДЕРiНДЕГi АГРОӨНЕРКӘСiПТiК КЕШЕНДЕГi ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТi МЕМЛЕКЕТТiК ҚОЛДАУ: ҚАЗiРГi ЖАҒДАЙЫ МЕН ДАМУ БОЛАШАҒЫ

Ескерту: бұл бет сайтқа орналастыру және мақала PDF-ін сәйкестендіру үшін қосылды. Төменде жинақтағы мақаланың түпнұсқа беттері берілген.

жасау.

- Орта білім беретін мектептерде мұғалімдердің және мектепке дейінгі мекемелер тәрбиешілерінің жалақысын жоғарылату және нормативтік жүктемелерін азайту міндетін шешу керек.

- Қала мен ауылдық жерлерде мектептерде оқыту сапасы арасындағы алшақтықты жою, мектептер тапшылығын жою, үш ауысымды мектептерді қалыпты режимге көшіру.

### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Becker G.S. Human Capital: A Theoretical and Empirical Analysis. – N.Y.:Columbia University Press for NBER, 1964. – Ch.2. – 187 p.

2. Schultz T.W. Investment in human capital// American Economic Review. – 1961. – Vol.51.-P.1-17.

3. Есимжанова С.Р. Человеческий капитал в Казахстане: уровень развития и качество // Человеческий капитал и профессиональное образование. – 2018. - №1(25). – С.4-12

4. Гимранова Р.Р., Аймагамбетов Е.Б. Человеческий капитал как важный ориентир развития экономики // Вестник ЕНУ им.Л.Н.Гумилева. Серия экономическая. -2019.-№2 (201). С.20-32

5. Сабирова Р.К., Утепкалиева К.М., Сулейменова Ж.У., Тажиденова А.Р. Атырау облысында адами капиталдың дамуына әсер ететін факторлар // Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Жаршысы. 2024. - №1(72).-Б.110-121

6. Устинова К. Человеческий капитал как фактор инновационного развития региона: теоретические аспекты // Проблемы современной экономики. – 2012. – №3(43). – С. 252-257.

7. Каппушева А. Человеческий капитал как экономический ресурс // Фундаментальные исследования. – 2015. – №2, ч. 22. – С. 4963-4968.

### **ӘОЖ 656.13**

## **ЕАЭО ЕЛДЕРІНДЕГІ АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНДЕГІ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ МЕН ДАМУ БОЛАШАҒЫ**

**Сакенов Уркен Жумагереевич**

7М04102-Экономика білім бағдарламасының магистранты

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы

Агроөнеркәсіптік кешен (АӨК) – Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) елдерінің әлеуметтік-экономикалық дамуына стратегиялық маңызы бар сала. АӨК-тің тұрақты дамуы – азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің, ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын арттырудың және ішкі нарықты отандық өніммен қамтамасыз етудің басты тетігі. Бұл саладағы шағын және орта кәсіпкерлік (ШОБ) құрылымдық тұрғыдан икемді, нарықтық конъюнктураға бейімделгіш, сонымен қатар, жаңа жұмыс орындарын құруда маңызды рөл атқарады.

Дегенмен, ЕАЭО елдерінде ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін шағын бизнес субъектілері түрлі қиындықтарға тап болуда. Сол себепті мемлекеттік қолдау құралдары олардың дамуына және тұрақты қызметіне айтарлықтай әсер етеді. Бұл мақалада АӨК-дегі ШОБ-ты қолдау тетіктері, олардың тиімділігі, сондай-ақ осы бағыттағы мәселелер мен даму мүмкіндіктері қарастырылады.

ЕАЭО елдерінің ауыл шаруашылығы құрылымында шағын және орта бизнес негізгі орында. Мысалы, Қазақстанда 200 мыңнан астам шаруа және фермер қожалықтары тіркелген, олар ауыл шаруашылығы өнімдерінің 70%-ын өндіреді. Ресейде ауыл шаруашылығы өнімдерінің едәуір бөлігін фермерлік және отбасылық шаруашылықтар өндіреді. Армения мен

Қырғызстанда ауыл халқының едәуір бөлігі өзін-өзі жұмыспен қамту арқылы аграрлық секторда қызмет етеді.

ШОБ ауыл инфрақұрылымын дамытуда, жергілікті экономиканы әртараптандыруда және ауыл тұрғындарының табысын арттыруда негізгі қозғаушы күшке айналды. Бұл кәсіпорындар агроөндірістік тізбектің барлық буындарында – өндіруден бастап өңдеу мен өткізуді қоса алғанда – қатысып келеді.

Алайда, олардың тұрақты дамуы үшін мемлекет тарапынан институционалдық және қаржылық қолдау қажет.

ЕАЭО құрамындағы мемлекеттер өздерінің ұлттық ерекшеліктеріне сәйкес, АӨК-ті қолдау бойынша түрлі механизмдер енгізіп отыр. Олардың ішінде:

1. Қаржылық қолдау:

- Субсидиялар – тұқым, тыңайтқыш, жанар-жағармай, техника сатып алуға арналған.
- Жеңілдетілген несиелер – пайыздық мөлшерлемені субсидиялау, кепілсіз несие беру.

• Гранттар мен инвестициялық бағдарламалар – жаңадан бастаушы фермерлерге арналған.

2. Инфрақұрылымдық қолдау:

- Ауыл шаруашылығы техникасын лизингке беру;
- Өңдеу цехтарын ашу;
- Суарылатын жер көлемін кеңейту;
- Ауыл шаруашылығы кооперативтерін қолдау.

3. Ақпараттық-кеңестік қолдау:

- Аграрлық саладағы білім беру;
- Агроинновацияны енгізу;
- Ауыл кәсіпкерлерін цифрлық сауаттылыққа үйрету.

Қазақстанда «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» арқылы көптеген фермер жеңілдетілген несиеге қол жеткізді. «Қамқорлық» бағдарламасы аясында ауыл шаруашылығына бөлінетін субсидия көлемі жыл сайын артып келеді. 2023 жылы бұл салаға 400 млрд теңге бөлінді.

Ресейде «Агростартап» және «Шаруа қожалықтарын қолдау» бағдарламалары тиімді нәтиже көрсетіп отыр. Ауылдық жерлердегі кооперацияны дамыту арқылы 2022 жылы 3 000-нан астам шағын шаруашылық біріктірілді.

Беларусь аграрлық салада ұзақ мерзімді мемлекеттік жоспарлау мен субсидиялау жүйесін қолданады. Ауыл шаруашылық өнімдерін қайта өңдеу мен сақтау инфрақұрылымы кеңінен дамыған.

Қырғызстан мен Арменияда халықаралық ұйымдар, мысалы IFAD, GIZ, және FAO көмегімен фермерлерді оқыту, жабдықтар сатып алу және нарыққа шығу бағытында жобалар жүзеге асырылып жатыр.

ШОБ дамуына кедергі келтіретін мәселелер

АӨК-дегі ШОБ-ты дамыту жолында ортақ проблемалар байқалады:

1. Қаржылық қолжетімділік төмендігі – кепілзаттың болмауы, банктердің жоғары талаптары;

2. Нарыққа шығу мәселелері – логистика, өткізу нарықтарының тапшылығы;

3. Ақпараттық тапшылық – субсидия алу жолдары туралы ақпарат жетіспейді;

4. Заңнамалық үйлесімсіздік – ЕАЭО елдері арасында ауыл шаруашылығы өнімдеріне қатысты стандарттар бірдей емес;

5. Аграрлық кооперацияның әлсіз дамуы – фермерлер бірігіп жұмыс істеуге дайын емес.

Даму перспективалары және ұсыныстар

ЕАЭО елдері біртұтас экономикалық кеңістік аясында ортақ аграрлық саясат жүргізуге тырысып отыр. Алайда бұл бағыттағы жұмыс әлі де жетілдіруді қажет етеді. ШОБ-ты дамыту үшін келесі ұсыныстар маңызды: